

ТАЛДАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

4 наурыз 2024 жыл

Кызылорда қаласы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМІ

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) қызметі табылады.

2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қымыл төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бүйрүғына және Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бүйрүғымен бекітілген (өзгеріс енгізу туралы) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Серіктестіктің 2024 жылғы 16 ақпандағы №9 бүйрүғымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді.

Әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің
басшысы, топ жетекшіі

Б. Шайхназаров

Экономика және мемлекеттік тапсырыспен
жұмыс істеу бөлімінің басшысы, топ мүшесі

Н. Дауылбаев

Аға есепші

С. Арапбай

Зангер

А. Ибраев

4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 16.02-04.03.2024 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен 2023 жылғы кезең қамтылды.

6. Серіктестіктің әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Б.Шайхназаровқа сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі - НҚА) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-баскарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Серіктестік өз құзыреті шегінде 3 облыстық, 1 қалалық, 7 аудандық газеттері басылымдары мен 1 ақпарат агенттігі арқылы республиканың, облыстың оң имиджін қалыптастыру бағытында мемлекеттік саясатты насиҳаттау бағытында жұмыс атқарады.

Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және Зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысына сәйкес іске асырады

Серіктестіктің жарғылық капиталының мемлекеттік қатысу үлесінің 51% кейіннен сатып алу құқығымен 7 жыл мерзімге «Халық» газеті» ЖШС-на 2020 жылдың қазан айының 15-нен бастап сенімгерлік басқаруға берілген.

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А.

II. Серіктестіктің қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында жұмыс тобы кодекстерді, зандарды, нормативтік құқықтық актілерді, серіктестік өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.

- «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-І Заңы;

- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы;

- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы;

- «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 Заңы;

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы;

- КР СТ 3158-2018 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты;

- ГОСТ 9254-77 Мемлекетаралық стандарт;

- Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №77 қаулысымен бекітілген Серіктестік жарғысы.

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде қызметтер процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар анықталмаған, бірақ қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңын жетілдіру және интернет желісінің сегментінде

қамтитын заң қабылдау қажеттілігіне байланысты қоғамдық талқылауға ұсынылған «Масс-медиа туралы» заң жобасына Қазақстан Журналистер Одағының Қызылорда облыстық филиалы арқылы келесі ұсыныстар берілген:

- Жергілікті деңгейдегі мерзімді баспа басылымдарының баспа және тасымалдау шығындарын республикалық деңгейде субсидиялау / 8-бапқа/ деп өзгерту;

- Бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақытылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшысы немесе орынбасардан төмен емес лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болатынын енгізу /36-бапқа/;

- Ұлттық баяндамада өнірлік деңгейдегі журналистердің де құқықтары мен мәселелері толық қамтылуы үшін жергілікті атқарушы органмен жыл сайын Ұлттық баяндамаға дейін жергілікті деңгейде жан-жақты талдау жүргізу / 8-бапқа/;

- Бұқаралық ақпарат саласы ұйымдарын қосымша құн салығын төлеуден босату бойынша тиісті өзгерістерді Салық кодексіне енгізу;

- бұқаралық ақпарат ұғымын толықтыру:

бұқаралық ақпарат – масс-медиа саласындағы мамандар тарататын тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, аудиовизуалды және өзге де хабарлар мен материалдар;

- Масс-медиа өнімі ұғымын толықтыру: масс-медиа өнімі – тексерілген нақты деректерден құрылған мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе аудиовизуалды бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио, теле, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

- «БАҚ туралы» заңдағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін жауапкершілік» тарауындағы «Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады» делінген алынып тасталынған бабын қайта қалпына келтіру;

- Занда арнайы «Журналист мәртебесі» тарауы қосылып, онда журналистің имиджін көтеру бағытында «Мекемелер, оқырмандар, көрермендер, тындармандар, жекелеген азаматтар тарарапынан журналистің кәсібіне құрметпен карауға және тиісінше ар-намысы мен қадір-қасиетіне негізсіз тиісіп, құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс» деген пункт қосу;

- «Мерзімді баспасөз басылымдарына арналған субсидияларды бөлу тәртібі» бойынша «Мерзімді баспа басылымдарына жазылуды қамтамасыз ету жоғары оқу орындар мен мекемелердің оқырмандары үшін жүзеге асырылады» деген бабы нақтыланып, субсидияның меншік нысанына қарамастан тен дәрежеде бөлінуін қамтамасыз ету, яки «мерзімді баспасөз басылымдарын субсидиялау уәкілетті

орган айқындастын тәртіппен меншік нысанына қарамастан тең дәрежеде жүзеге асырылады» деп енгізу;

- «Бұқаралық ақпарат құралының берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуына ақпарат иеленуші сұрау салу тіркелген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жауап ұсынуға не оны ұсыну мерзімін немесе уәжді бас тартуды көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жауап беруге міндettі» делінген балтағы көрсетілген мерзім бір жұмыс күнінен кешіктірілмеу керек деп енгізу;

- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» заңына толықтырулар енгізу: осы заңның «Педагогтің кәсіптік қызметін қамтамасыз ету» деп аталатын бабындағы «Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндettі жүктеуге жол берілмейді» деген сөзді «баспасөзге жазылу бұл қызмет түріне жатпайды» сөзben толықтыру;

- «Масс-медиа туралы» заң жобасының «Баспасөз картасы» деген 30-бабын түбөгейлі алып тастау;

- Контент таратушылар мен сигналды хабар таратушылар деген ұфымдар бір-бірімен мұлдем қабыспайтындықтан «Масс-медиа» туралы заң жобасындағы «Теле-радио хабарларын таратуды ұйымдастыру» деген 6-тарауды алыш тастау, бөлек заң ретінде қарау;

- Мемлекеттік тілге айрықша артықшылық беріліп, Қазақстандағы масс-медианың негізгі тілін қазақ тілі деп бекіту;

- Өнірлік БАҚ-ты қаржыландырудың республика бойынша бірыңғай ортақ тарифін енгізу;

- Заң жобасының 5-бабының 1-тармағында «Масс-медианың тарапу тілі мемлекеттік және басқа тілдер болып табылады» деп жазылған. Осындағы «басқа тілдер» деген жолды алыш тастау. Сондай-ақ осы баптың 2-тармағында: «Мемлекет Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңдарына сәйкес, масс-медианы алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді» делінген. Осы тармақты қайта қарау керек, өйткені «әркімнің ана тілін пайдалану құқығы» деген сөз екіүштылықты білдіретінін, уақыт өте келе дау тудыруы мүмкін екенін, мәселен, ертенгі күні Қазақстандағы қаптаған қытайдың бірі қытайша ақпарат талап етуі мүмкін екенін назарға алу;

- «Журналист мәртебесі» туралы арнайы қарап, журналистердің кепілдендірілген әлеуметтік пакеті (мемлекеттік бағдарламалармен тұрғын үй және жер алу мәселелері бойынша) туралы бап қосу.

2.2. Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсіндірме хат сұралған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды хатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес тапсырыс берушілер жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан көп пайзызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді қоспағанда.....- деп көрсетілген.

Бұл ретте серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесінен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгенде мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осыған орай серіктестіктің бұйрығымен заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолданбай серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілуде.

Осыған орай 100% мемлекеттік қатысу үлесінің 51% қатысу үлесінен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда комплаенс қызметін енгізу міндетtelмейтіндігі жөніндегі талаптары енгізу бойынша ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаментіне 2023 жылдың 22 мамырында №03-6-378 санды хат жолданған.

Бұл хатқа ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаментімен берілген 01.07.2023 жылғы №24-10-3/1945 санды жауабында қолданыстағы заңнама талаптарын талдай келе, көтерілген мәселелер тиісті нормативтік құқықтық актілермен нақты реттелмеуіне байланысты, көрсетілген ұсыныстар қолдаусыз қалдырылатыны хабарланған.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

2023 жылдың қантар-ақпан айлары бойынша жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен:

2023 жылы Серіктестіктің штат саны 211 бірлік болып бекітілген. /Оның ішінде аудандық газет редакциялары Арап – 13, Қазалы – 12, Қармақшы – 11, Жалагаш – 8, Сырдария – 12, Шиелі – 13, Жаңақорған – 12, Дизайнерлер – 5.

Бұдан білек жыл сонына қарай қоғамдық қызметпен жұмыс атқаратындардың белгілі бір бөлігін жұмыспен қамту қажеттілігіне орай қосымша 81 штаттық бірлікке газет таратушылар алғанған.

Жалпы жыл көлемінде серіктестікпен 435 бұйрық (негізгі қызмет – 30, штаттық кесте – 2, тәртіптік жаза – 7, әртүрлі төлемдер – 22, жеке құрам – 113, еңбек демалысы – 167, қоғамдық жұмыс және жастар практикасы – 94) шығарылды. Оның ішінде 53 қызметкер жұмыстан шықса, 32 қызметкер жұмысқа қабылданған. Қоғамдық жұмыс бойынша 118 адам жұмыспен қамтылды. Жыл көлемінде тәртіптік жазаға 9 қызметкер тартылған.

2023 жылында Серіктестікте сыйбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар және сыйбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері орын алмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдар тізбесі

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдар анықталмады.

IV. Мұдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі жеке коммерциялық мақсаттағы заңды тұлғаға кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілгендейдін мұдделер қақтығысы болмау қажет деген талапты қолдану орынсыз деп пайымдаймыз.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Серіктестікпен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Серіктестікте мемлекеттік рұқсат беру функциясы жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру бағыты бойынша:

Серіктестікте бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражаттарын игеру және бөлу:

Серіктестікке тікелей бюджеттен қаржы бөлінбейді.

Серіктестіктің қаржылық көздері газет жазылдыру, мемлекеттік тапсырыс және жарнамалық түсімдерден құралады.

Серіктестіктің қаржылық құжаттарына КР Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен профилактикалық бақылау 27.11.2023-15.12.2023жж. (қоса алғанда) өткізіліп, 01.01.2021-01.07.2023жж. аралығы қамтылған.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгенден кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсіндірме хат сұралған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.11.2020 жылғы №003-КГ/25538 санды хатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес тапсырыс берушілер жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді қоспағанда.....- деп көрсетілген.

Бұл ретте серіктестіктің жарғылық капиталының 51% қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен «Халық» газеті» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгендейтін мемлекеттік сатып алу порталында серіктестік тапсырыс беруші болып табылмайды, тек орындаушы ретінде жұмыс жасайды. Осылай орай серіктестіктің бұйрығымен заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолданбай серіктестік қажеттілігіне алынатын тауарларға, қызметтерге, жұмыстарға тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілуде.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Серіктестік осы кезге дейін ешқандай ақпараттық жүйелерді әзірлемеген. Серіктестік өз қызметінде есеп-қисап саласына 1С бағдарламасы және кадрлық қызметке «Электрондық енбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы пайдаланылады.

Серіктестіктің интернет желісі Интернет желісіне қолжетімділіктің бірыңғай шлюзіне қосылмаған.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастыруышылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Серіктестіктің құжат айналымы бойынша:


2023 жылы барлығы - 853 (кіріс - 204, шығыс – 557, анықтама – 92)

Талдау нәтижесінде Серіктестіктің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктер анықталмағандықтан сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыным берілмейді.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобының мүшелері:

**Әкімшілік және ұйымдастыру бөлімінің
басшысы, жұмысшы топ жетекшісі,
комплаенс офицері**


Б. Шайхназаров

**Экономика және мемлекеттік
тапсырыспен жұмыс істеу бөлімінің
басшысы, топ мүшесі**


Н. Дауылбаев

Аға есепші


С. Арапбай

**Зангер, мемлекеттік сатып алу
жөніндегі маман**


А. Ибраев

**Бас директордың
орынбасары**


А. Абдуллаева

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды: